

THE PROCESS OF ARTISTIC STRUCTURE AND FORMATION OF EXHIBITION EQUIPMENT IN MUSEUMS

K.O. Zhedelov¹ , Б.М. Kenesov² , T.K. Uzakbayev^{1*} 

¹International Educational Corporation, 050028, Almaty, Kazakhstan

²Kazakh National Academy of Arts named after. T.Zhurgenova, 05000, Almaty, Kazakhstan

Abstract. *At the present stage, there are very complex modern requirements for the architectural and artistic structure of the museum, concerning the implementation of educational and educational functions through the improvement of museum exhibitions. A new approach to the solution of the exposition of museum exhibition equipment is based on the creation of a single emotional and imaginative artistic ensemble, which is considered as an artistic work in the field of exposition design. Conducting research on the artistic and compositional foundations of museum exhibition equipment, the lack of a holistic scientific theory of exposure, the lack of research on the art history and theory of the museum exposition as a whole, the lack of fundamentals of the artistic structure of the exposition in its current state, which significantly complicates the work on studying the multifunctional aspects of museum equipment. In this regard, the research work was based on direct questions of attitude to common equipment from the problems of the exposition. Many aspects that perform a direct and additional structural function of museum equipment are considered, the basics of the relationship between the exposition and architecture and equipment are determined, and the main features of the tasks of the exposition equipment as a system-forming and constructive component influencing the formation of the socio-cultural environment in local history museums are determined. In this scientific work, in addition to identifying the main problems of the artistic structure and the process of forming exhibition equipment in museums, the design solution and architectural structure are also determined. The study and presentation of these issues in scientific circulation is currently becoming increasingly relevant.*

Keywords: *museum, artistic structure, design, exhibition, architecture, exposition, composition.*

***Corresponding author**

Turar Uzakbayev, e-mail: turaruzak@mail.ru

<https://doi.org/10.51488/1680-080X/2025.1-02>

Received 10 November 2024; Revised 27 December 2024; Accepted 06 February 2025

МҰРАЖАЙЛАРДАҒЫ КӨРМЕ ЖАБДЫҚТАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУ ҮДЕРІСІ

К.О. Жеделов¹ , Б.М. Кенесов² , Т.К. Узакбаев^{1*} 

¹ Халықаралық білім беру корпорациясы, Алматы, 050028, Қазақстан

² Т. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА, Алматы, 050000, Қазақстан

Андатпа. Қазіргі кезеңде мұражай экспозицияларын жетілдіру арқылы білім беру және тәрбие функцияларын жүзеге асыруға қатысты, мұражайдың сәулеттік-көркемдік құрылымына қойылатын заманауи өте күрделі талаптар туындауда. Мұражай көрме жабдықтарының экспозициясын шешудің жаңа тәсілі біртұтас эмоциялық-бейнелі көркем ансамбльді құруға негізделеді, ол экспозициялық дизайн саласындағы көркем туынды ретінде қарастырылады. Мұражай көрме жабдықтарының көркемдік-композициялық негіздері туралы зерттеуді жүргізуге, экспонаттаудың тұтас ғылыми теориясының жоқтығы, жалпы мұражай экспозициясының көркемдік тарихы мен теориясы бойынша зерттеулердің аздығы, экспозицияның көркемдік құрылымының қазіргі жай-күйінде негіздерінің болмауы, музей жабдығының көпфункционалды аспектілерін зерттеу жөніндегі жұмысты барынша қиындатады. Осыған байланысты экспозицияның проблемаларынан жалпы жабдыққа қатынасты тікелей мәселелері зерттеу жұмысында негізге алынды. Мұражай жабдықтарына тікелей және қосымша құрылымдық қызмет атқаратын көптеген аспектілер қарастырылып, экспозиция мен сәулет және жабдықтардың өзара байланысының негіздері және тарихи-өлкетану музейлеріндегі әлеуметтік-мәдени ортасының қалыптасуына әсер ететін жүйе құраушы және конструктивті компонент ретіндегі экспозициялық жабдықтың атқаратын міндеттерінің негізгі белгілері айқындалды. Бұл ғылыми жұмыста мұражайлардағы көрме жабдықтарының көркемдік құрылымы мен қалыптасу үдерісінің негізгі мәселелерін анықтаумен қатар, дизайндық шешімі мен сәулеттік құрылымы да айқындалады. Аталған мәселелерді зерттеп, ғылыми айналымға ұсыну қазіргі таңда өзектілігін арттыра түседі.

Түйін сөздер: мұражай, көркемдік құрылым, дизайн, көрме, сәулет өнері, экспозиция, композиция.

*Автор-корреспондент

Турар Узакбаев, e-mail: turaruzak@mail.ru

<https://doi.org/10.51488/1680-080X/2025.1-02>

Алынды 10 қараша 2024; Қайта қаралды 27 желтоқсан 2024; Қабылданды 06 ақпан 2025

ХУДОЖЕСТВЕННАЯ СТРУКТУРА И ПРОЦЕСС ФОРМИРОВАНИЯ ВЫСТАВОЧНОГО ОБОРУДОВАНИЯ В МУЗЕЯХ

К.О. Жеделов¹ , Б.М. Кенесов² , Т.К. Узакбаев^{1,*} 

¹ Международная образовательная корпорация, Алматы, 050028, Казахстан

² Казахская национальная академия искусств им. Т.Жургенова, Алматы, 050000, Казахстан

Аннотация. На современном этапе возникают очень сложные современные требования к архитектурно-художественной структуре музея, касающиеся реализации образовательных и воспитательных функций посредством совершенствования музейных экспозиций. Новый подход к решению экспозиции музейного выставочного оборудования основывается на создании единого эмоционально-образного художественного ансамбля, который рассматривается как художественное произведение в области экспозиционного дизайна. Проведение исследований художественно-композиционных основ музейного выставочного оборудования, отсутствие целостной научной теории экспонирования, отсутствие исследований по художественной истории и теории музейной экспозиции в целом, отсутствие основ художественной структуры экспозиции в ее современном состоянии, что значительно усложняет работу по изучению многофункциональных аспектов музейного оборудования. В связи с этим в исследовательской работе были взяты за основу прямые вопросы отношения к общему оборудованию из проблем экспозиции. Рассмотрены многие аспекты, выполняющие непосредственную и дополнительную структурную функцию музейного оборудования, определены основы взаимосвязи экспозиции и архитектуры и оборудования и основные черты задач экспозиционного оборудования как системообразующего и конструктивного компонента, влияющего на формирование социокультурной среды в историко-краеведческих музеях. В данной научной работе, помимо выявления основных проблем художественного строения и процесса формирования выставочного оборудования в музеях, определяются также проектное решение и архитектурная структура. Изучение и представление данных вопросов в научный оборот в настоящее время приобретает все большую актуальность.

Ключевые слова: музей, художественная структура, дизайн, выставка, архитектура, экспозиция, композиция.

*Автор-корреспондент

Турар Узакбаев, e-mail: turaruzak@mail.ru

<https://doi.org/10.51488/1680-080X/2025.1-02>

Поступило 10 ноября 2024; Пересмотрено 27 декабря 2024; Принято 06 февраля 2025

ACKNOWLEDGEMENTS / SOURCE OF FUNDING

The study was conducted using private sources of funding.

CONFLICT OF INTEREST

The authors state that there is no conflict of interest.

АЛҒЫС / ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗІ

Зерттеу жеке қаржыландыру көздерін пайдалана отырып жүргізілді

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫ

Авторлар мүдделер қақтығысы жоқ деп мәлімдейді.

БЛАГОДАРНОСТИ / ИСТОЧНИК ФИНАНСИРОВАНИЯ

Исследование проводилось с использованием частных источников финансирования.

КОНФЛИКТ ИНТЕРЕСОВ

Авторы заявляют, что конфликта интересов нет.

1 КІРІСПЕ

Жалпы музейтануда қалыптасқан ғылыми тұжырымдарға сүйенсек, атқаратын қоғамдық функцияларына қарай музей, әлеуметтік институт ретінде – әлеуметтік-мәдени ортаның қалыптасуына әсер ететін жүйе құраушы және конструктивті компонент ретінде қарастырылады. Әлеуметтік-саяси және экономикалық факторлар мұражайларға қолданыстағы тұжырымдамаларды қайта қарау және қызметтің барлық жүйесін өзгерту, жаңа идеяларды, білім мен технологияларды қалыптастыру қажеттілігін туындатады. Мұражайдың көрме қызметі бұл жағдайда мұражайдың экономикалық тиімділігі мен оның ұзақ мерзімді дамуын қамтамасыз ететін барлық мұражай функцияларын жүзеге асыруға ықпал ететін жұмыстың маңызды бағыты болып табылады. Көрмелер арқылы мұражайлар ақпараттық-коммуникациялық жүйе ретінде мұражайдың тұрақтылығын сақтай отырып, әлеуметтік тапсырысқа жедел жауап бере алады.

Қазіргі заманғы көрмелерде мұражай коллекцияларын жариялаумен шектелмейді, сонымен қатар қаланың, аймақтың, елдің мәдени мұрасының барлық спектрін ұсынады. Мұражайдың көрме кеңістігі өңірдің коммуникативтік алаңы, өңірлік бірегейлікті қалыптастыру және мәдени дәстүрлерді қалпына келтіру құралы ретінде әрекет етеді. Мұражай көрмесі көрмеге қою шекарасынан өтіп, концептуалды идеяларды, көркемдік инновацияларды, әлеуметтік маңызы бар акцияларды, білім беру және ойын-сауық іс-шараларын үйлестіре отырып, әлеуметтік-мәдени жоба ретінде пайда болады. Көрме жұмысының негізгі бағыты музей қор коллекциясындағы материалдық және рухани мәдениет заттарын экспозициялауға бағытталған.

Мұражай экспозициясын зерттеуші Т.П. Калугина экспозицияны құрудың келесі түрлерін үш топқа бөледі: «Проблемалық топтау», «Академиялық қатар» және «Фокустағы экспонат» деп қарастырады ([Kalugina, 1989](#)).

–«Проблемалық топтау» - деп жеке көрме өткізілсе, автордың жұмысы визуалды дизайнның бір түрі ретінде көрініс табады. Оның көркем тілінің белгілі бір аспектілерін қызықтыратын: техникалық көзқарастың әртүрлілігі, түстік шешім, көркемдік стильдеу принципі, сурет эволюциясы қарастырылады.

–«Академиялық қатар» - деп қарастырылуы қойылым ретінде көрменің дәстүрлі түрі ұзақ көркем сахналық хронологияның дәйектілігін ашады. Мұндай процесте қарқынды кәсіби өсуді байқауға болады.

–«Фокустағы экспонат» - экспозицияны қалыптастырудың ерекше қағидаты. Бұл жағдайда мұражай кеңістігін қалыптастыру объектілердің бір немесе бірнеше тобына бағытталады.

Зерттеуде біз мұражайдағы көрме жабдықтарының көркемдік құрылымы мен қалыптасу үдерісін, оның экспозицияның конструктивті-кеңістіктік ұйымдастыруды жүзеге асыруын, экспонаттың сақталуын және бекітілуін қамтамасыз ететін құрылымдық элементтер мен жабдықтардың кешенін қарастырдық.

Біз экспозицияны көпфункционалды және алуан түрлі кешен ретінде қарастырамыз, оның негізгі қағидаларының бірі экспонаттардың көрнекі өзара байланысын, яғни оны қалыптастыратын және өзінің жеке бейнесіне ие болатын экспозициялық контекстті құру болып табылады.

Жұмыста экспонаттау тарихы мен мұражайтану теориясы, мұражай экспозициялары мен сәулетін ұйымдастыру туралы мәліметтер келтірілген - бұл өнер экспозициялары жабдықтарының қалыптасуына тікелей әсер етеді.

Алайда, мұражайлардағы көрме жабдықтарының көркемдік құрылымы мен қалыптасу үдерісі жұмысының көлеміне байланысты бұл проблемалар зерттеудің негізгі объектісі - мұражай жабдығын анықтап түсіндіру және сипаттауға қажетті гипотезасы болып қаралады.

Бұл, зерттеуде ең алдымен, мұражайдың білім және тәрбие беру функцияларын жүзеге асыратын экспозицияларын жетілдіруге қатысты мақсат, міндеттер қарастырылған; - мұражай жабдығындағы музей экспозициясының дамуы мен қалыптасуының қысқаша тарихына, - өнер

туындыларын көрмеге қоюдың теориясы мен практикасына, - экспозициялық жабдықтарына, үлгілеріне, жалпы экспозиция кешеніндегі мәртебесіне, - музей ғимараттарының экспозициялау тәсілдерімен және сәулеттің өзара байланысына барынша екпін бере отырып талдау жасалып қарастырылды.

2 МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Ғылыми жұмыстың алға қойылған мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін біз тарихи-өлкетану музейлеріндегі әлеуметтік-мәдени ортасының қалыптасуына әсер ететін жүйе құраушы және конструктивті компонент ретіндегі экспозициялық жабдықтың атқаратын көрме жабдықтарының көркемдік құрылымы мен қалыптасу үдерісінде экспозицияның атқаратын рөлін қарастырдық. «Экспозиция» термині латынша «expositio» (көрсету), кең мағынада кез-келген заттар жиынтығын арнайы көрсету ұғымын береді. Бүгінгі күні музейтану ғылымында қолданылып жүрген экспозицияның қарапайым анықтамасы: музей жинағының көрсетуге арналған бөлігі. Бүгінгі музей экспозициясы деп музей заттары мен басқа да экспозициялық материалдарының тұжырымды (ғылыми және көркемдік) ойлау тұрғысында біріктірілуінің біртұтас заттық-кеңістіктік жүйесі деп түсінуге болады» (Ibraeva, 2013). Жалпы мұражайлардағы көрме ұйымдастыру мәдениетін қарастыру барысында мұражай тәрбие ошағы, тарихи-мәдени орта екені айқындалды. Аталған тақырып аясында ақпаратты іздеу және жинау әдістерін тарихи шолу, салыстырмалы-сипаттау әдістері көптеген ғалымдардың еңбектері негізделіп жүргізілді. Сонымен қатар, мұражайлардағы экспозициялар мен жабдықтарды ұйымдастыруға сәулет дизайнының әсері, өнер коллекцияларын ғылыми зерттеуі, оларды жүйелеу және талдау, заманауи мұражай мен экспозицияның үйлесімді ортасын құру туралы ғалымдардың жазған тұжырымдамалары қарастырылып салыстырмалы анықтамалар беріледі.

3 НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ

Жалпы мұражайлар – мәдени, тарихи және ғылыми құндылықтарды, мыңдаған коллекциялар мен шынайы тарихты сақтаушы орта болып табылады. Оның ерекшелігі музейлік заттар арқылы мәліметтерді жинақтап таратуына байланысты елдегі ұлттық рухани өмірді жаңғырту, ұрпаққа ата-бабамыздан қалған мұралар жөнінде тәлім-тәрбие беретін орталық және объективті таратуға ықпал етеді. Халықтың тарихи санасын нығайта отырып, дүниетанымының дамуына ықпал етуге арналған тарихи қалыптасқан көп қырлы әлеуметтік ақпараттар ордасы немесе мұражайлардағы көрме жабдықтарының көркемдік құрылымы мен қалыптасу үдерісінің институты десе болады.

Бүгінгі таңда музей және мұражайлардың көрме жабдықтарының көркемдік және құрылымдық ерекшеліктерінің көрінісі өнер зерттеушілерінің басты назарында. Себебі, қазіргі өнер түрлерінің көрме залдарында ұсынылуы, оның көркемдік және құрылымдық ерекшелігінің эстетикалық, көркем экспрессивтілігі, функционалды технологиялылығы мәселесі өзекті бола түсуде. Осыған байланысты көрме жұмысының негізгі бағыты музей қор коллекциясындағы материалдық және рухани мәдениет заттарын экспозициялауға бағытталған. Музей қорында сақтаулы экспонаттардың барлығын музей залдарына экспозицияға қоюға орын болмайтындығы белгілі. Осыған орай, музей саласында уақытша экспозиция құру яғни көрме құру тәжірибесі қалыптасқан.

Иә, мұражайлардың уақытша экспозиция құру яғни көрме құруда атқаратын рөлін құрылымдық ерекшеліктерін талдауға үлкен мүмкіндіктер ашады деп есептейміз. Оны заманауи көрме мәдениеті жағдайында зерттеу қажеттілігі туындайды. Негізінде мұражай ұжымының көрме залын жабдықтауларына қарап, заттардың, витриналардың және шкафтардың ретсіз жинақталуынан экспозициялық көрсетудің қандай да бір логикасын анықтау барысында қойылған заттар арқылы мұражай ұжымының эстетикалық түсінігінің жалпы деңгейін көруге болады. Ал, XX ғасырдың басында бүкілресейлік конференцияда

мұражайдағы көрме қызметінің келешегіндегі зор проблеманы бір сөзбен атап көрсеткен: мұражайлар бөлімінің меңгерушісі П.П. Мұратов «Музей көрмесі қарапайым мәселе емес. Бұл, ғалым мен суретші арасындағы бірлескен ізденісті, еңбекті қажет етеді» деген болатын ([Polyakov, 2018](#)). Музейді дамыту әрбір мегаполис стратегиясының міндетті шарты деуге болады. Осы тұрғыда көрмелердің дизайны бірыңғай, құрылыс принципі автоматизмге жеткізілді. Бірнеше күнде немесе сағатта кез - келген экспозиция модульдік жүйелерден жиналады. Лаконизм, рационализм, техникалық ақпараттың көптігі, сандық технологияларды қолдану бір жағынан, ойын-сауық және білім беру элементтерінің және өнеркәсіптік экспозицияны құру тұжырымдамасы екінші жағынан, аяқталған дизайн жобасы көрмелерді қарапайым келушілер ғана емес, мамандар үшін де қызықты ететіндігін көптеген зерттеушілер сипатына қарай көрмелерге анықтама берген.

Музейтанушы Т.Ю. Юрневаның жоғарғы оқу орындарына арналған оқулығы бойынша «Музейде өткізілетін көрмелер сипатына қарай келесідегідей түрлерге бөлінеді: – тақырыбына, сондай-ақ экспозициялық материалдардың мазмұны мен сипатына қарай – мерейтойлық, мемориалдық, жеке, халықаралық, тұсаукесер көрмелер, фотокөрмелер, тарихи, көркемөнерлік, жеке бір затқа арналған көрмелер, көрме-жәрмеңкелер, балалар шығармашылығының көрмелері; – орналасуына қарай – музейден тыс, жылжымалы және көшпелі көрмелер және музейде экспозициялық-көрме жұмысының екі үлкен саласы – уақытша көрмелер және тұрақты экспозиция құру жұмыстары алдын ала белгіленген жоспар бойынша жабдықталып жүргізіледі» деп жазылған ([Yureneva, 2004](#)). Негізгі мұражайда экспозициялық-көрме бейнелі-сюжеттік әдіс бойынша орындалып, көрмелер жүйелі негізде ұйымдастырылады. Көрмелер құру кезінде «биеннале» заманауи дизайн әдістерін қолдану барысында тақырыптық көрме негізінде орындалған жүйелі экспозицияға көркем мұражайларға проблемалық басымдылық береді. Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығының ғылыми қызметкері Н. Досымбетов өзінің «Тақырыптық көрмелерді құрудың әдіс-тәсілдері» атты зерттеу мақаласында «Сәулеттік-көркемдік тұжырымдама ғылыми тұжырымдама негізінде жасалып, онда көркемдік идея, көркемдік бейне туындап, экспозицияны құру кеңістігі, негізгі жарық шешімі, жәдігерлер, сұлба-макеттерді орналастыру қағидаттары қарастырылады. Келесі кезеңде музейдің ғылыми қызметкерлері экспозицияның «кеңейтілген тақырыптық құрылымын», суретшілер «экспозициялық жобасын жасайды» деген анықтамасын электрондық сайттан да оқуға болады ([Dosymbetov, 2019](#)).

Осы бір айтылған суретшілер «экспозициялық жобасын жасайды» деген анықтамасына көңіл бөлсек, әлемдік музей практикасында болып жатқан интеграциялық процестерді ескере отырып, Қазақстан музейлерінің қызметін түбегейлі қайта қарап зерттеу, жинақтау және ғылыми-ақпараттық жұмыс саласында бірлескен жобаларды әзірлеу және жүзеге асыру, мұражайлардың халықаралық форумдарына қатысу, жақын және алыс шет елдердің жетекші мұражайларымен алмасу көрмелерін ұйымдастыру, мамандардың тағылымдамасы мен алмасуы, республикамыздағы мұражайлар әлемдік мәдениет жетістіктеріне қарай жылжуын тездетеді.

Музей – жалпы адамзат баласының өмірінде заттық және рухани мәдениетті танытуда, зерттеу мен насихаттауда үлкен рөл атқаратындығын мәлімдеген А.М. Разгон өзінің «Музейтану. Тарихи мұражайлар» атты оқу құралында «экспозицияға» келесі анықтамасын береді: «Негізгі форма білім беру және тәрбие мақсаттары ұйымдастырылған мұражай заттарын көрсету арқылы жүзеге асырылады, ғылыми мұражайға сәйкес әзірленіп түсіндірілген және орналастырылған сәулеттік-көркемдік шешімдер тұжырымдамасын құрайды» деп жазған ([Razgon, 1961](#)). Бұл, анықтамада тақырыптық көрме құру экспозицияның өзіндік ерекшелігімен қатар сәулеттік-көркемдік тұжырымдама ғылыми тұжырымдама негізінде жасалып және дизайнына баса назар аударуды қарастырады. Мұражайларда ұсынылған экспозиция құрылымы жағынан толықтай үйлесімділікте болуы қажет деп есептейді.

Мұражай экспозициясы әлеуметтік және идеологиялық өзгерістердің үйлесімдігі мен қоғамның көркемдік жаңалықтары мен ғылыми-техникалық жетістіктерін көрсетеді.

Экспозиция құрылымының дизайны мұражай қызметінің бағыты ретінде мұражай саласында ғана емес, сонымен бірге мұражай аймағында да болып жатқан жалпы қоғамдық өзгерістерге жауап береді. Әрбір уақытқа сәйкес келетін өзіндік стилистикалық инновациялық, өнімді тәсілдер, сондықтан үнемі болып жатқан жағдайларға байланысты жетілдіру-бұл ең жаңа технологиялық әзірлемелер немесе жаңа визуализация әдістері және оларды экспозицияға қосу мүмкіндігі, кеңістікті зерттеу сұрақтары және ең қызықты және дизайндағы заманауи үрдістер әрқашан өзекті болады.

Т. Мальдонадо тұжырымдамасы бойынша «Мұражай кеңістігінде дизайндық шешімнің маңызы зор. «дизайн философиясы – бұл әртүрлі өрнектің көрінісі, әлемге жеке көзқарас. Сондай-ақ, біз әлемді дизайнсыз қалай түсінеміз» деуінің өзі үлкен ой тудырады (**Maldonado, 1964**).

Иә, «Дизайн» ұғымы қазіргі заманғы технология, озық материалдар, жаңа ағымдық ұғымдармен байланысты. Дизайн көрмелердің маңызды функцияларының бірі – мұражайдың негізгі экспозициясын жаңғырту мұражай көрмелерін әртүрлі композициялық шешімдегі көріністер арқылы көруге мүмкіндік береді. Ал, көрме жүйесінің қабілетті жұмыс істеуі, мұражай экспозициясының ерекше формаға айналу негізіне байланысты. Мұражайдағы көрме жабдықтарының көркемдік құрылымы мен қалыптасу үдерісі қоғам үшін, қазіргі заманғы мұражай көрнісі мен көрмесінің тартымды болуы керектігіне жауапты. Осыған байланысты ерекше көрмелердің функциясының маңызы мұражайға келушілерді тарту, олардың құрамын және ортасын кеңейту.

«Кез-келген мұражай экспозициясының семиотикалық сипаты келесі комбинацияда көрінеді: табиғат құбылыстары туралы түсініктермен түсіндіргенде, қазіргі заманғы мұражай алаңдары тек пассивті ғана емес нысандарды шолу, сонымен қатар келушілердің танымдық белсенділік көрінісін арттыру. Мұражай экспозициясы – бұл ғылыми негізделген мұражай жиынтығы, ғылыми-түсіндірме жазбалармен байланысты көзбен көру үшін қойылған және белгілі бір тақырыпты ашуға бағытталған мәтіннің дизайны.

Экспозицияның барлық бөліктері бір-бірімен байланысты және оларды тақырыптық құрылым құрайды. Ал, «тақырыптық көрмелерді құруда музей қызметкерлері белгілі бір принципке сүйенеді. Музейтану саласында қалыптасқан тұрақты экспозиция және көрме құрудың бірнеше басты принциптері бар. Ең басты принцип ретінде – ғылыми принцип алынады. Ол әрбір музей экспонатының экспозицияға қойылғанға дейінгі ғылыми өңдеуден өтуі назарға алынады» деп өз зерттеулерінде нақтылайды (**Kaulen, 2010**). Мысалы, интерьер дизайнына экспонаттар және олардың коллекциялары, мұражай заттарын (көшірмелерін) көбейту, ғылыми-көмекші материалдар, көрме өнерінің арнайы жасалған объектілері, мәтіндер, ақпараттық технологиялар және тағы басқада кіреді.

Жүргізілген зерттеу жұмыстары бойынша қорытынды жасау арқылы қарастырсақ:

«Қалыптасқан әлеуметтік және әлеуметтік көзқарастар мен мәдениеттің құндылық бағдарларының өзгеруіне байланысты мұражайдың тарихи-мәдени құбылыс ретінде дамуы мен қалыптасуының ұзақ және күрделі процесте жүретіндігін көруге болады.

Автор, Н.М. Дружинин «Прамұзей» деп аталатыннан - салттық заттардың қоймасы - дамудың ұзақ жолында мұражай өзіне тән даму заңдылықтары, қазіргі қоғамның мәдени және идеологиялық өміріндегі өзіндік рөлі бар көп функциялы институтқа айналады» деп жазады (**Druzhinin, 1931**). Өнер туындылары, кунсткамер, сарай коллекцияларының қоймасындағы көркем мұражайлар кең ауқымды қызмет бағдарламасы бар заманауи ірі орталықтар мен кешендерге айналууда.

Көркем мұражайлардың экспозициялық ортасын қалыптастыру мен ұйымдастырудың сәулеттік-көркемдік аспектілерін дамыту процесінде ғимарат сәулетінің өзгеретін арақатынасы айқын көрінеді.

Коллекциялар (экспонаттау) және мұражай жабдықтарын орналастыру. Біздің ойымызша, өнер мұражайларының дамуындағы ең маңыздысы-олардың сәулеттік және көркемдік құрылысының үш негізгі кезеңі **Кесте 1**.

Кесте 1

Сәулеттік және көркемдік құрылысының негізгі кезеңі (авторлық материал)

Кезең	Сипаттама
I кезең	Экспозициялар мен жабдықтарды ұйымдастыруға сәулеттік әсерімен сипатталатындығы. Өнер коллекциялары айқын сәндік мақсатқа ие және залдардың сәулетіне сәйкес орналастырылып басты белгілері-көркем туындылар декорацияның атрибуттары ретінде қызмет ететін «сәулет-сәндік» экспонаттау түрі бар интерьерге, сәулет өнеріне толық бағынатын үйлесімді көрме ансамблін құру болып табылады.
II кезең	Өнер коллекцияларын ғылыми зерттеудің басталуы, оларды жүйелеу және танымал ету мұражайды қоршаған ортаны «бейтараптандыруға» ұмтылған кезде экспонаттың экспозициядағы рөлін үстемдік ету тенденциясына әкеледі. Осы кезеңдерде экспозицияның сәулеті мен жабдықтары экспонатқа үстем жағдайды ұсына отырып, айтарлықтай артта қалады. «Академиялық» және «экспонаттық» типтегі экспозициялық принциптер мен тәсілдерде. Экспозициялар таусылған қараңғылық пен аскетизммен сипатталатыны қарастырылған.
III кезең	Қазіргі кезең мұражай мен экспозицияның үйлесімді ортасының құрылуымен, мұражай экспозициясының ерекше өнер жанрының дамуына сәйкес, жетекші рөл негізінде – экспонат - өнер туындысының түпнұсқасы, экспозицияның барлық компоненттерінің қатысуымен сипатталса ал, мұражайдың қазіргі заманғы экспозициясы экспонаттың табиғаты мен ерекшелігін, сәулеттік жағдайды және экспозицияны жасаушылардың шығармашылық ниеттерін жүзеге асыруды ескере отырып, семантикалық тұжырымдамалық сәулет-көркемдік шешімнің бірлігінде ұйымдастыру қарастырылған.

Қазіргі заманғы мұражайлардың жабдықтары әртүрлілікке, даралыққа және бірегейлікке деген барлық ұмтылысымен заманауи материалдардан жасалған және өнеркәсіптік өндіріс негізінде, экспозицияның жалпы сәулет-көркемдік ниетімен контексте жасалған біртұтас, модульдік икемді жүйелерді экспозиция шекарасында құру тенденциясына бағынады. Сонымен қатар, музей дизайнерлеріне, экспоненттер мен суретшілерге, сонымен қатар университетте оқитын бакалавриат пен магистранттарға арналған Т.П. Поляковтың ұсынған монографиясы да негізгі көрме әдістері мен қолданылатын технологияларды талдауға, жіктеуге және даму тарихына арналған. Ол, «Ресейлік мұражайлардың қазіргі тәжірибесінде жүріп жатқан ғылыми-зерттеу, жобалау және оқытушылық қызметі, оның бұрынғы ғылыми мақалалар мен кітаптарда жасаған бірқатар теориялық және практикалық тұжырымдарын жинақтап, жаңарту және мұражайдың коммуникациялық мүмкіндіктерін көрсету басты міндет болып табылатындығы ал, мұражай көрмелері – түпнұсқа ретінде «сөздіктер» пәнінен және ғылыми-көпшіліктен шыққан мәтіндер түпнұсқа өнер туындылары, иллюстрациялар, мұражайлық экспозициялар мен көрмелер жобаларын мәдениеттің нақты тілі ретінде қарастырады» (Polyakov, 2018). Жазылған ғылыми жұмыстарды зерттеу барысында мұражайлардағы көрме жабдықтарының көркемдік құрылымы мен қалыптасу үдерісі мұражай экспозициясы көркем шығармашылықтың дербес жанрларды құрастыру (синтетикалық жанр) ретінде бекітілгендігін түсіндік.

Сонымен қатар, қазіргі заманғы көрмелер құрылысының тенденциялары өнер тарихы негізінде теориялық түсінікте қарастырылатыны туралы, көрменің жетекші суретшілерінің бірі ресейлік, К.И.Рожественскийдің өз тәжірибесінен дизайн өнері туралы берген мәлімдемесі қызықтырады: «Теориялық және ғылыми ой-пікірлер әлі күнге дейін көркемдеуші дизайн өнерін өз проблемаларының қатарына қосқан жоқ, бұл мәселелерді шешуді кейінге қалдыруға болмайды. Ал қазіргі заманғы мұражай көрмелерін құру кезінде туындайтын негізгі мәселелердің бірі көрме ортасын сәулеттік-көркемдік ұйымдастыру және оның негізгі құрамдас бөліктерінің бірі – оның көп функционалды құрылымының барлық алуан түрлілігінде қарастырылатын көрме жабдықтарының рөлін анықтау мәселесі болып табылады» деп айтып отыр (Maistrovskaya, 1987).

Ф.М.Достоевский атындағы Омбы мемлекеттік университетінің этнология, антропология, археология және мұражайтану кафедрасының аспиранты Сатубалдин Абай Кәрімтайұлының «Қазақстан мұражай әлемі: қызметінің негізгі бағыттары» атты мақаласында Қазақстанның мұражайлары еліміздің тарихи, мәдени және табиғи мұрасын жинақтауға, зерттеуге, сақтауға және насихаттауға арналған негізгі әлеуметтік-мәдени институттар туралы айтылған. Осыған байланысты музей ісінің қазіргі даму жағдайын зерделеу және Қазақстан мұражайлары қызметінің негізгі бағыттарын талдау мәселелері өзекті болып табылатындығын көрсеткен. Қазақстан Республикасындағы мұражай ісінің қалыптасуы мен дамуының кейбір мәселелерін бұрын жекелеген қазақстандық және шетелдік ғалымдар қарастырғаны. Жалпы, Қазақстандағы мұражай ісінің қазіргі жағдайын білім деңгейінің жеткіліксіздігімен сипаттауға болады» делінген ([Satubaldin, 2020](#)).

Өкінішке орай, бүгінгі күні есеп беру көрсеткіштері қазіргі заманғы мұражай әдістері мен технологияларының әлеуметтік тиімділігіне байланысты. Оны ашатын мұражайдың тұрақты көрмесінің әсері қайталанбас нысандардың, өзіндік сәулеттік-көркемдік құралдардың үйлесімді бірлігі арқылы белгілі бір жердің (қаланың, облыстың) негізгі тақырыбы немесе бренді және заманауи интерактивті технологияларды арттыру. Көрме жобаларының авторларының қабілеті аймақтық (жергілікті, қалалық, облыстық) брендті «ілгерілету» ғана емес, сонымен бірге оны өзгерту, келушілердің назарын жаңа кейіпкерлерге немесе жаңа өзекті тақырыптарға аудару.

Бұл мақаланың мақсаты – посткеңестік кезеңдегі Қазақстан мұражайларының қазіргі кездегі қызметінің негізгі бағыттарын анықтау және сипаттау. Осы мақаланы жазуда автор қолданған әдістер сауалнама және алынған нәтижелерді талдау болды. Зерттеу нәтижесінде республикалық, облыстық және аудандық деңгейдегі музейлердің қызметіне талдау жасаған. Жұмыста Қазақстандағы мұражайлардың қоры, ғылыми-танымдық, көрмелік және экскурсиялық қызметі сипатталған. Қазақстандағы мұражайлар қызметінің негізгі бағыттары да айқындалған.

Алайда, Ресейлік көрме суретшісі К.И.Рожественскийдің көтеріп отырған мәселесі айтылмайды, мұражай жабдығын анықтау және сипаттау үшін қажетті аспектілерде ғана қозғалады және Қазақстандағы мұражай ісінің қазіргі жағдайын білім деңгейінің жеткіліксіздігімен сипаттай отырып теориялық және ғылыми ой-пікірлер әлі күнге дейін музей көрме жабдықтарының көркемдік-композициялық деңгейін шешу үшін дизайн мәселелері туралы зерттеулерде айтылмайды.

Негізінен зерттеу материалдарында музейтану теориясы мен практикасының жалпы дамуы және көркемдік үдерістегі негізгі стилистикалық өзгерістер контекстінде көркемдік бейіндегі музей экспозициясының дамуы мен қалыптасуының қысқаша тарихы оның түрлерінің экспозициялық жабдықтарының үлгілеріне, жалпы экспозиция кешеніндегі мәртебесіне, сондай-ақ музей ғимараттарының экспозициялау тәсілдерімен және сәулетімен өзара байланысына барынша екіпін бере отырып және талдау жасап, дизайн мәселесіне байланысты көптеген сұрақтар туындайтыны мәлім.

